

Гидросфера



Гидросфер және оның құрамдас бөліктері

- Гидросфера – Жер шарының су қабығы.
- Табиғи судың барлығын сұйық, қатты, бу түрінде қамтиды.
- Гидросфераны және оның құрамдас бөліктерін зерттейтін ғылымды **гидрология** деп атайды.



Гидрология

мұхиттану

Құрлық
гидрологиясы

- Гидросфераның жалпы көлемі, шамамен 1,4 млрд км.
- Бұл массасының 2,5%-ы ғана тұщы су, қалған пайызы ащы судан тұрады.
- Тұщы сулардың басым бөлігі мұздықтарда шоғырланған.



Табиғаттағы су айналымы, оның маңызы

- Судың күн энергиясы мен ауырлық күші әсерінен гидросфера, атмосфера, литосфера және тіршілік дүниесін қамтитын үздіксіз айналымын **су айналымы** деп атайды.



Дүниежүзілік мұхит

- Жалпы көлемі – 1 млрд 370 млн км.
- Гидросфераның 94% құрайды.
- Дүниежүзілік мұхит Жер шарының $\frac{3}{4}$ бөлігін алып жатыр.
- Дүниежүзілік мұхит бөліктеріне *мұхиттар, теңіздер, шығанақтар мен бұғаздар* жатады.



- Материктер мен аралдар арқылы мұхит 4 бөлінген.
- **Тынық**
- **Атлант**
- **Үнді**
- **Солтүстік мұзды мұхиты.**



Теңіздер

- Теңіздер деп мұхиттың құрлықпен, аралдармен немесе суасты қыраттарымен азды-көпті бөлініп жатқан бөлік.

Теңіздер: Ішкі

Аралдар аралығындағы
Шеткі теңіздер.



Шығанақ

- **Шығанақ** деп – мұхиттың, теңіздің немесе көлдің құрлыққа сұғына еніп жатқан, бірақ су айдынының негізгі бөлігімен жалғасатын құрамдас бөлігі.
- Мысалы: Гудзон, Мексика, Бенгаль, Парсы.



Бұғаз

- **Бұғаз** деп - әртүрлі су айдындарын жалғастыратын және құрлықтың жеке бөліктерін бөліп жатқан, салыстырмалы түрде жіңішке су кеңістігін айтады.
- Мысалы : Дрейк, Чукот, Беринг.











